

**Ал қазір
тост!**



**ТОСТЕР
КТ-2016**



4815196

Егер біздің техникамызды пайдалануға қатысты қиындықтар туындаса, дүкенге жүгінбес бұрын Kitfort жедел желісіне қоңырау шалуыңызды сұраймыз:

8-800-775-56-87

(дс-жм мәскеу уақыты бойынша 9:30 бастап 17:30 дейін)

info@kitfort.ru

Біз аспаптың жұмысының ерекшеліктері туралы айтып береміз және кез келген басқа сұрақтар бойынша кеңес береміз

Мазмұны

Жалпы мәлімет	4
Жиынтықтамасы	4
Тостердің құрылысы	5
Жұмысқа дайындық және пайдалану	5
Тазалау, күтім жасау және сақтау	8
Ақаулықтарды жою	8
Техникалық сипаттамалары	9
Сақтық шаралары	10

Жалпы мәлімет

Электр тостері хош иісті және кітірлек қуырылған ыстық нанды жақсы көретін адамдар үшін әзірленген. Тосттардың қыртысының ерекше иісі мен түсі дайындау процесіндегі инфрақызыл қыздыру кезіндегі ұнның құрамындағы қанттың карамельденуіне байланысты осындай болады. Китфорт КТ-2016 тостері — қосарланған: ол бір корпустағы тәуелсіз басқарылатын екі секциядан тұрады және бір мезгілде бірден төртке дейін тосттарды дайындауға мүмкіндік береді.

Әр секциясы қуыру дәрежесін бұрылыстық реттегішпен және жарық индикаторлары бар үш батырмамен жабдықталған. Жылыту режимі дайын тосттар суып қалған жағдайда оларды жылыту үшін қызмет етеді. Жібіту режимі мұздатылған наннан тосттарды дайындауға мүмкіндік береді. Кең слоттардың арқасында тек жұқа нан кесектерін ғана емес, сонымен бірге қалың кесектерін де қуыруға болады.

Салынған тосттар кесектің қалыңдығына тәуелсіз екі жағынан да біркелкі болып қуырылуы үшін автоматты түрде центрленеді.

Дайындау аяқталған кезде тостер автоматты түрде өшіріледі, ал тосттар оларды алып шығу ыңғайлы болу үшін жоғары қарай көтеріледі. Экстра-көтеру механизмі өлшемі үлкен емес тосттарды алып шығу ыңғайлы болуы үшін тосттарды жоғары қарай көтеруге мүмкіндік береді.


Әр секцияның астыңғы жағында үгінділерге арналған суырмалы түпқойма орналасқан, сондықтан тостерді тазалау оңай әрі ыңғайлы. Тостер үй-тұрмыстық жағдайларда тосттарды дайындау үшін арналған және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде, клиенттермен қонақ үй нөмірлерінде, дүкендердің тұрмыстық үй-жайларында, кеңселерде және т.б. жерлерде коммерциялық емес мақсатта қолданыла алады.

Жиынтықтамасы

1. Тостер — 1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық — 1 дана.
3. Кепілдік талоны — 1 дана.
4. Коллекциялық магнит — 1 дана*

*опциялық

Тостердің құрылысы



Жұмысқа дайындық және пайдалану

Алғашқы қолданар алдында

Тостерді қабырғалардан және үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта тегіс көлденең ыстыққа төзімді бетке орнатыңыз. Жоғарғы жағында кемінде 50 см бос кеңістік болуы тиіс. Баусымды баусымға арналған тілік арқылы шығарыңыз. Тостерді электр қуаттау желісіне қосыңыз. Әр секцияға қуыру дәрежесін реттегішті максимумға қойып, қыздыруды қосу үшін тосттарды салу иінтірегіне басыңыз. Қыздыру кезінде тостерден ерекше иіс шығуы мүмкін, себебі қыздырғыш элементтің жануы орын алады. Тостер өшірілгенде тостер кішкене суығанша 2-3 минут күте тұрыңыз, осыдан кейін қыздыру шарасын тағы 2 рет қайталаңыз. Осыдан кейін тостер пайдалануға дайын.

Бір немесе екі секцияны пайдалану

Тостердің сол жақ және оң жақ секциялары тәуелсіз жұмыс істейді. Бір немесе екі тостты дайындау кезінде бір секцияны пайдаланыңыз — ол электр энергиясын сақтауға мүмкіндік береді. Егер сізге үш немесе төрт тост дайындау керек болса екі секцияны да пайдаланыңыз. Әр секцияның өз басқару органдарының жинағы бар, сондықтан сіз түрлі баптауларды қоя аласыз және екі секцияны бір мезгілде пайдалану кезінде түрлі режимдерді орната аласыз.

Тосттарды дайындау

1. Үгінділерге арналған түпқоймалар орнатылғанын тексеріңіз. Тостерді электр қуаттау желісіне қосыңыз.
 2. Тосттарды тостердің секцияларының бірінің тосттарға арналған слоттарына салып, осы секцияның салу иінтірегіне тірелгенше басыңыз, ол төменгі қалпында бекітілуі керек. «Стоп» батырмасында индикатор жанады.
 3. Тостердің қосылған секциясы қыздырылады, тосттарды дайындау басталады.
 4. Қолданылатын секцияның қуырылу дәрежесінің реттегішін қалаған жайғасымға бұраңыз.
 5. Дайындау аяқталған кезде тостер автоматты түрде өшіріледі, ал тосттар жоғары қарай көтеріледі.
 6. Бір мезгілде екі тосттан көбірек дайындау қажет болса, екі секцияны пайдаланыңыз.
- Тостерді қолмен өшіру үшін «Стоп» батырмасын басыңыз.
- Тосттарды дайындау аяқталғаннан кейін тостерді электр қуаттау желісінен ажыратып, оны үгінділерден тазалаңыз.
- Егер тостер электр қуаттау желісінен ажыратылған болса, тосттарды салу иінтірегі төменгі қалпында бекітілмейді.

Жылыту

Егер дайын тосттар суып қалса, сіз оларды жылыта аласыз. Ол үшін тосттарды слоттарға салып, тосттарды салу иінтірегін төмен түсіріңіз және «Жылыту» батырмасын басыңыз, батырмада индикатор жанады. Дайындау уақыты белгіленген (жарты минут) және қуыру дәрежесін реттегішпен реттелмейді. Дайындау аяқталған кезде тостер автоматты түрде өшіріледі, ал тосттар жоғары қарай көтеріледі.

Жібіту

Тосттарды мұздатылған наннан жасауға болады, алайда ол алдын ала жібітілуі тиіс. Тостер оны автоматты түрде жасай алады. Ол үшін қуырылудың қажетті дәрежесін реттегішпен орнатып, тосттарды салу иінтірегін тірелгенше төмен қарай басып, тосттарды слоттарға салыңыз. Осыдан кейін «Жібіту» батырмасын басыңыз, бұл кезде батырмада индикатор жанады. Дайындау аяқталған кезде тостер автоматты түрде өшіріледі, ал тосттар жоғары қарай көтеріледі.

Қуыру дәрежесін реттеу

Қуыру дәрежесін реттегіш арқылы тосттарды қуыру уақыты «1» бастап «7» дейін бапталады. «1» минималды уақыт пен жеңіл (ақшыл) қуыруды, «7» — максималды уақыт пен қатты (қошқыл) қуыруды білдіреді.

Кеңестер мен ұсыныстар

Нанның тілімдері (тосттар) тосттарға арналған слоттарға еркін салынуы тиіс. Тосттардың максималды қалыңдығы 2,5 см аспауы керек.

Қалыңдығы 1—1,5 см тосттарды қолдану ұсынылады. Автоцентрлеуге байланысты тосттар әрқашан қалыңдығына тәуелсіз қыздырғыштардың ортасына орналасады, сондықтан екі жағынан да біркелкі қуырылады.

Нанның түрлі сұрыптары тосттың қуырылу дәрежесі (түсі) ұқсас болуы үшін дайындаудың түрлі уақытын талап етеді. Қатқан нан жаңа піскен нанға қарағанда тезірек қуырылады. Жұмсақ майқоспалы нан ірі тартылған ұннан жасалған және қатты наннан гөрі тезірек қуырылады.

Қара нанның жеткілікті қуырылуы үшін қайта қуыру талап етілуі мүмкін. Кейде (нанның сұрпына байланысты) нанды алдымен 2-3 деңгейде қуырып, сосын 3-5 минут суытып, кейін қуырудың көбірек дәрежесін таңдап, қуыруды қайталағанда, жақсы нәтижеге жетуге болады. Бұл тәсіл қара қарабидай наны үшін ұсынылады.

Егер сіз тосттарды бірінші рет дайындасаңыз, қуыру деңгейін 2 немесе 3 белгісіне қоюды ұсынамыз.

Тостерде құрамында астық тұқымдас дақылдар бар нанды қуыруға болады. Бірақ құрамында кептірілген жемістер бар нанды қуырмаңыз — жемістердің кесектері жанып кетуі мүмкін, мұндай нан жағымсыз дәмге ие болады.

Нанды мұздату оны ұзақ уақыт ішінде сақтауға мүмкіндік береді.

Мұздатылған нанды қуыру үшін жібіту режимін пайдаланыңыз.

Қуырылған тостты жылыту үшін жылыту режимін пайдаланыңыз. Бір тостты дайындау кезінде ол екі тостты бір мезгілде бір секцияда дайындаумен салыстырғанда қаттырақ қуырылады. Дайындау аяқталғаннан кейін кішкентай тосттарды алып шығу үшін тосттарды салу иінірегін тірелгенше жоғары қарай көтеріңіз — ол тосттарды максималды жоғары көтереді. Алдыңғысынан кейін бірден тосттардың екінші порциясын дайындау кезінде екінші порциядағы тосттар қаттырақ қуырылады, себебі тостер алдыңғы дайындау кезінде қыздырылған. Қатты қуырылуына жол бермеу үшін екінші партияны дайындаған кезде қуырылу дәрежесін бір немесе жарты бөлікке азайтыңыз. Дайындалып болған соң тосттарды маймен немесе балқытылған ірімшікпен майлауға болады (оны тосттар ыстық болған кезде жасаған дұрыс) және/немесе үстіне шұжықтың кесегін қоюға, сондай-ақ жас көкпен безендіруге болады. Төртбұрышты тосттарды диагональ бойынша жартылап кесіңіз — осылайша олар дәмдірек көрінеді. Қара наннан жасалған тосттарды тұралған көкөністермен (қиярмен, қызанақпен, бұрышпен), балықтың немесе ветчинаның тілімдерімен, ал ақ наннан жасалған тосттарды джеммен, қайнатпамен немесе балмен, шоколад майымен, қойылтылған пісірілген сүтпен, қауынның немесе бұлдіргеннің кесектерімен безендіруге болады. Егер дайындау процесінде түтін шықса немесе жанған нанның иісі пайда болса, дереу «Стоп» батырмасына басу арқылы тостерді өшіріп, тосттарды алып шығыңыз және проблеманың себебін жойыңыз. Үзілген, жаншылған, бұралған немесе деформацияланған нанды қолданбаңыз, кері жағдайда ол тостерде кептеліп қалуы мүмкін. Егер тост кептеліп қалса, тостерді өшіріп, тосттарды алып шығу иінірегін бірнеше рет көтеріп, түсіріп, тостты алып шығуға тырысыңыз.

Тазалау, күтім жасау және сақтау

Тостерді жүйелі түрде (аптасына кемінде бір рет) тазалап, оның ішінен үгінділерді қағып тастап отырыңыз.

Тазалау алдында тостерді электр қуаттау желісінен өшіріп, ол толық суығанша күтіңіз. Үгінділерге арналған түпқоймаларды суырып алып, үгінділерді қағыңыз. Тостерді төңкеріп, кептеліп қалған үгінділерді қағып тастау үшін, түбінен ептеп алақанмен соққылаңыз. Тостерді қалыпты жайғасымына орнатып, үгінділерге арналған астаушаны

орнына салыңыз. Тостердің корпусын жұмсақ ылғалды матамен сүртіңіз.

Тостерді құрғақ және салқын, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Ақаулықтарды жою

Тосттарды салу иінтірегі төменгі қалпында бекітілмейді

1. Иінтірек тостер электр қуаттау желісіне қосулы болғанда ғана төменгі қалпында бекітіледі.
2. Иінтіректі бекітетін электр магниті жарамсыз. Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуді ұсынамыз.

Нан кептеліп қалса, не істеу керек?

Тостерді өшіріп, оны суытыңыз. Нанды алып шықпас бұрын, баусымды розеткадан суырыңыз. Осыдан кейін қыздырғыш элементке күйіп қалу қаупісіз нан тілімін алып шығуға болады. Тостерді төңкеріп, тосттарды салу иінтірегін бірнеше рет анда-мұнда қозғалтыңыз. Тостердің түбінен қолыңызбен соққылаңыз.

Техникалық сипаттамалары

1. Кернеуі: 220-240 В, 50/60 Гц
2. Қуаты: 1250-1500 Вт
3. Сыйымдылығы: бір мезгілде 4 тост
4. Құрылғының өлшемі: 300 x 290 x 180 мм
5. Ораманың өлшемі: 340 x 198 x 230 мм
6. Таза салмағы: 1,8 кг
7. Жалпы салмағы: 2,5 кг

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл

Кепілдік мерзімі: 1 жыл

Тауар сертификатталған



Өндіруші: Чжуншань Юн Ань Бао Илектрикэл Эплаенс Ко., Лтд. № 12 Шенхуэй Саус Роуд, Наньтоу Таун, Чжуншань, Гуандун, Қытай.

Өндірушінің жедел желісі: 8-812-339-22-15, 8-499-400-23-34 (дс-жм мәскеу уақыты бойынша 9:30 бастап 17:30 дейін).

Сервистік орталықтардың мекенжайларын жедел желі операторынан немесе kitfort.ru сайтынан біле аласыз.

Ерекше кәдеге жарату талап етіледі. Қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеу үшін осы нысанды кәдімгі қалдықтардан бөліп, оны ең қауіпсіз тәсілмен кәдеге жарату керек, мысалы, кәдеге жарату бойынша арнайы орындарға тапсыруға болады.

Дайындалған айы мен жылы орама қорабының төменгі жағында көрсетілген.

Өндіруші өз өнімін жетілдіру барысында бұйымның дизайнына, жиынтықтамасына, сондай-ақ техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге және осы өзгерістер туралы қосымша хабарламауға құқылы.

Сақтық шаралары

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларына ерекше назар аударыңыз. Әрқашан нұсқаулықты жаныңызда ұстаңыз.

1. Құрылғы тұрмыстық жағдайларда пайдалану үшін және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде, қонақ үй нөмірлерінде, кеңселерде және басқа осындай жерлерде өнеркәсіптік емес және коммерциялық емес пайдалану үшін арналған.
2. Құрылғыны тек мақсаты бойынша және осы нұсқаулықта мазмұндалған нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Құрылғыны мақсатынан тыс пайдалану тиісті пайдалану шарттарын бұзу болып саналады.
3. Құрылғыны электр розеткасына қоспас бұрын, онда көрсетілген электр қуаттау параметрлері қолданылатын қуат көзінің параметрлерімен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Электр тогы соғуына жол бермеу үшін құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
5. Тостерді қуаттау баусымы арқылы ұстап тасымалдамаңыз. Ашаны розеткадан суырғанда қуаттау баусымынан тартпаңыз.
6. Тостердің қуаттау баусымы, ашасы немесе басқа бөліктері зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр тогының соғуына жол бермеу үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз — оны жөндеу үшін білікті маманға жүгініңіз. Құрылғының дұрыс емес жиналуы пайдалану кезінде электр тогының соғу қаупін арттыратынын есте сақтаңыз.
7. Балаларға, дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдарға, сондай-ақ жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ тұлғаларға

тостерді тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалардың бақылауымен, немесе құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқамалықтан өтуден кейін пайдалануға рұқсат етіледі. Балаларға тостермен ойнауға жол бермеңіз.

8. Жанында балалар мен үй жануарлары болған кезде тостердің жұмысын қадағалаңыз.

9. Нан жануы мүмкін, сондықтан тостерді тұтанатын материалдардың, мысалы, перделердің жанында немесе астында пайдаланбаған жөн.

10. Жұмыс істеп тұрған тостерді қараусыз қалдырмаңыз. Егер аспапты ұзақ уақыт қолданбасаңыз немесе қызмет көрсетуді жүргізу алдында оны желіден ажыратыңыз.

11. Жұмыс істегенде аспаптың корпусы қатты қызуы мүмкін. Ыстық беттерді ұстамаңыз. Абай болыңыз! Күйіп қалу қаупі бар!

12. Дайындалған тосттар ыстық болуы мүмкін. Оларды алып шықпас немесе жей бастамас бұрын температурасын тексеріңіз.

13. Тостердің ішкі бөліктерін зақымдап алмау үшін, оның ішінде тостерді тазалағанда, тосттарға арналған слоттардың ішіне тосттардан басқа ешқандай заттарды салмаңыз.

14. Тосттардың кептеліп қалуына жол бермеу үшін тым қалың немесе үлкен тосттарды пайдаланбаңыз.

15. Тостерді қабырғадан және үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта тек орнықты көлденең бетке орнатыңыз. Жоғарғы жағында кемінде 50 см бос кеңістік болуы тиіс. Тостерді балалар тостердің ыстық беттеріне қол тигізе алмайтындай етіп орнатыңыз.

16. Құрылғының қосылуын бұғаттауды айналып өтуге тырыспаңыз.

17. Тостердің құлауына жол бермеңіз және оны соққыларға ұшыратпаңыз.

18. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

19. Тек өндірушімен ұсынылған аксессуарларды пайдаланыңыз. Өзге қосымша керек-жарақтарды пайдалану құрылғының сынуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.